

"Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп" (коды 0001202, индексі 1-СМИО, кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 9 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 14 ақпанда № 14798 болып тіркелді. Күші жойылды -Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 8 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 3) және 8) тармақшаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) "Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 0001202, индекс 1-СМИО, кезеңділігі айлық) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) "Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 0001202, индекс 1-СМИО, кезеңділігі айлық) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
міндетін атқарушы

Г. Керімханова

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
міндетін атқарушының
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 9 бұйрығына
1-қосымша



Мемлекеттік статистика органдары Приложение 1 к
құпиялылығына кепілдік береді исполняющий
Конфиденциальность гарантируется обязанности Предс
органами государственной статистики Комитета по стат
Ведомстволык статистикалык Министерства
байқаудың статистикалык нысаны национальной эконо
Статистическая форма Республики Казах
общегосударственного статистического от 19 января 201
наблюдения № 9

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің ведомствоға қарасты мекемесіне тапсыры
Представляется в подведомственное предприятие Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz, www.kds.gov.kz, www.crn.kz сайтынан алуға
Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz, www.kds.gov.kz, www.crn.kz

Статистикалық нысан коды 0001202	Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың
Код статистической формы 0001202	инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп
1-СМИО	Отчет об отпускных ценах на строительные материалы, изделия, конст и инженерное оборудование

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші кодтарына сәйкес қызметінің негізгі немесе қосымша түрлері 16, 19, 20, 22 – 28, 31, 35, 46 болып табылатын іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрыл және (немесе) оқшауланған бөлімшелері тапсы Представляют попавшие в выборку юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделе основным и (или) вторичным видами деятельности согласно кодам Общего классификатора видов экономич деятельности: 02, 08, 16, 19, 20, 22 – 28, 31, 35, 46.

БСН коды	
----------	--

1. Занды тулғаның (бөлімшенің) орналасқан
нақты орнын көрсетіңіз - облыс, қала, аудан,
елді мекен
Укажите фактическое место расположения
юридического лица (подразделения) -
область, город, район, населенный пункт
Материалдық ресурстың нақты өткізу орнын
көрсетіңіз – облыс, қала, аудан, елді мекен
Укажите фактическое место реализации
материальных ресурсов - область, город,
район, населенный пункт

--

--

[illegible]

2. Ішкі нарықта өткізілген материалдық ресурстар орта бағасын көрсетіңіз, өлшем бірлігі үшін тенге

Укажите средние цены на материальные ресурсы, реализованные на внутреннем рынке за месяц, в тенге за единицу измерения

3. Ішкі нарықта есепті айда өткізілген құрылыс материалдық ресурстарды жүзеге асыру орта бағасын көрсетіңіз, өлшем бірлігі үшін тенге

3. Укажите объемы реализации строительных материальных ресурсов, реализованных на внутреннем рынке за отчетный период в натуральных единицах измерения.

4. Сіздің мекемеңіз өндіретін құрылыс материал ресурстары бойынша есепті айда мекеменің өндірістік қуатын көрсетіңіз, табиғи өлшем бірлігінде

4. Укажите производственную мощность предприятия по строительным материальным ресурсам, производимым Вашим предприятием, за отчетный период в натуральных единицах измерения

Материалдық ресурстың атауы Наименование материального ресурса	Өлшем бірлігі Единица измерения	ҚМКН бойынша ресурстың коды ¹⁾ Код ресурса по НСМК	Өндіруші ел ²⁾ Страна-изготовитель	Есепті айдағы баға Цена отчетного месяца	Өткізу көлемі Объем реализации	Өндірістік қуат ³⁾ Производственная мощность
А	Б	В	Г		1	2

Ескертпе

Примечание

¹⁾ А, Б, В бағандары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Интернет-ресурсында орналастырылған құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары және инженерлік жабдықтардың номенклатурасына сәйкес толтырылады

Графы А, Б, В заполняются в соответствии с Номенклатурой строительных материалов, изделий, конструкций и инженерного оборудования, размещенной на Интернет-ресурсе Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан

²⁾ Г-бағанын экономикалық қызметтің негізгі түрі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) 46 кодына – автомобильдер мен мотоциклдерді қоспағанда көтерме саудаға жататын заңды тұлғалар толтырады

Графа Г заполняется юридическими лицами, основной вид экономической деятельности которых относится к коду Общего классификатора видов

экономической деятельности (ОКЭД) 46 –оптовая торговля, за исключением автомобилей и мотоциклов

3) 3- баған құрылыс материал ресурстарының өндірушілерімен толтырылады

3) Графа 3 заполняется только производителями строительных материальных ресурсов

Қажет болған жағдайда қосымша беттерде жалғастырыңыз

При необходимости продолжить на дополнительных листах

Атауы

Мекенжайы

Наименование _____ Адрес _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)

Бизнес идентификационный номер (БИН) _____

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) _____ Телефоны _____

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) телефоны

фамилия, имя и отчество (при его наличии) телефон

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы

Руководитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
міндетін атқарушының
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 9 бұйрығына
2-қосымша

"Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп" (коды 0001202, индексі 1-СМИО, кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп" (коды 0001202, индексі 1-СМИО, кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8-тармақшасына сәйкес әзірленді және "Құрылыс материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың және инженерлік жабдықтардың босатылым бағасы туралы есеп" (коды 0001202, индексі 1-СМИО, кезеңділігі айлық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі - статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Мынадай анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) баға – сапасы, сату шарттары және уақыт кезеңі анық белгіленген тауардың, өнімнің немесе қызметтің нақты түріне төленген ақша бірлігінің саны;

2) инженерлік жабдық – тұрмыстық және өндірістік қызметтің қажетті жағдайларын қамтамасыз ететін, сумен (суық және ыстық сумен) жабдықтау, кәріз, жылу беру жүйелерін, ауаны салқындатуды, баптауды, газбен жабдықтауды, электр жабдығын, көтеру-көлік құралдарын (лифттер, эскалаторлар), қоқысты жою, шаң жинау, өрт сөндіру құралдарын, дабыл, телефондандыруды, радио тартуды және ішкі абаттандырудың басқа түрлерін қамтитын техникалық құрылғылардың кешені;

3) құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары – құрылыс-монтаждау (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын жүргізген кезде қолданылатын техникалық сипаттамалары бар материалдардың, бұйымдардың және конструкциялардың белгілі бір түрлерінің жиынтығы;

4) материалдық ресурстар – құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары және инженерлік жабдық;

3. 1-бөлімде заңды тұлғаның (бөлімшенің) нақты орны (облыс, қала, аудан, елді мекен) көрсетіледі;

материалдық ресурстың нақты өткізу орны (облыс, қала, аудан, елді мекен) көрсетіледі.

4. А, Б, В-бағандарында Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары және инженерлік жабдықтардың номенклатурасына сәйкес материалдық ресурстың атауы, өлшем бірлігі және коды көрсетіледі.

Г-бағанын экономикалық қызметтің негізгі түрі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші деген 46-кодқа – автомобильдер мен мотоциклдерді қоспағанда, көтерме саудаға жататын заңды тұлғалар толтырады.

1-бағанда толық есептік ай үшін ішкі нарықта өткізілген материалдық ресурстардың орта бағасы көрсетіледі.

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші деген 46-кодқа жататын заңды тұлғалар үшін орта бағаны қосылған құн салығын және акциздерді, сауда және өткізудің үстеме бағасын ескере отырып көрсетіледі.

2-баған есепті жылдың қаңтар айында ғана толтырылады. Өткен жылғы желтоқсанның немесе өткен жылғы соңғы өткізу айының бағасы қойылады.

5. Егер кәсіпорындар материалдық ресурстарды басқа өлшем бірлігі бойынша өткізсе (мысалы, қиыршықтас – тонна, бетон – тонна), онда нақты өткізу бағасы Құрылыс ресурстарын ведомстволық жіктеуіште белгіленген өлшем бірлігіне қайта есептелінеді.

6. Кәсіпорын бір жолғы тапсырыс бойынша өткізген материалдық ресурстарға арналған баға тіркеуге жатпайды.

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық форматта жүзеге асырылады.